



Күләш Байсейітова атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


Тәртіптік комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2 нұсқасы: 28.02.2025
	ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ (білім алушылар арқылы) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Комиссияның негізгі мақсаттары мен міндеттері	2
3	Тәртіптік комиссияның құрамы	3
4	Тәртіптік теріс қылықтарды қарастыру	3
5	Қорытынды ережелер	4



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2 нұсқасы: 28.02.2025
	ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ (білім алушылар арқылы) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Тәртіптік комиссия (білім алушылар арқылы) туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Университет) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларының Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын сақтау мәселелері бойынша жұмыс істейтін Тәртіптік комиссиясының негізгі міндеттерін, қызметін, құрылу тәртібін және өкілеттігін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 594-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына.

2 КОМИССИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Тәртіптік комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) негізгі мақсаты білім алушыларының Ішкі тәртіп ережелерін, Академиялық адалдық кодексін, мінез-құлық пен тәртіптің этикалық стандарттарын сақтауын қамтамасыз ету; құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтау және жазалау шарасы туралы объективті шешім қабылдау үшін бұзушылық фактілерін тексеру.

2.2 Комиссияның негізгі міндеттері:

- Білім алушылардың академиялық адалдық Кодексін, мінез-құлықтың этикалық нормалары мен тәртіпті бұзу фактілерін қарастыру;
- Білім алушының мінез-құлығын бағалау және ішкі тәртіп Қағидаларын, Академиялық саясатты, академиялық адалдық Кодексін бұзғаны үшін жаза түрін тағайындау;
- Ішкі тәртіп Қағидаларын, Академиялық саясатты, академиялық адалдық Кодексін қадағалау бойынша профилактикалық жұмыс.

2.3 Комиссия қызметі тараптарының бірі:

- Тәртіптік теріс қылықтарды анықтау;
- Тәртіптік теріс қылық жасаудың жағдайларын талдау;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2 нұсқасы: 28.02.2025
	ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ (білім алушылар арқылы) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

- Тәртіп бұзушыларға жауапкершілік шараларын қолдану туралы шешім қабылдау;
- Білім алушы тарапынан одан әрі тәртіптік теріс қылыққа жол бермеу мақсатында педагогикалық ұжым үшін ұсыныстар әзірлеу.

3 ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ

3.1 Комиссияның құрамына Комиссияның төрағасы, оның орынбасары, хатшысы және мүшелері кіреді. Комиссияның дербес құрамы Университет ректорын бұйрығымен бекітіледі.

3.2 Комиссияның төрағасы – тәрбие жұмысы жөніндегі проректор. Оның орынбасары - тәрбие жұмысы және жастар ісі жөніндегі бөлім басшысының орынбасары. Хатшы – тәрбие жұмысы және жастар ісі бөлімінің қызметкері.

3.3 Комиссияның құрамына оның мүшелері ретінде декандар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және қызметкерлер, студенттік өзін-өзі басқару өкілдері кіреді.

3.4 Төраға болмаған жағдайда, ағымдағы отырысқа төрағаның өкілеттіктер оның орынбасарына беріледі.

3.5 Комиссияның шешім қабылдауы Комиссия қатысушы мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы іске асырылады. Дауыстар саны тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші саналады.

3.6 Комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан жағдайда Комиссияның шешімі заңды саналады.

3.7 Комиссияның ұсыныстары мен шешімдері Комиссияның төрағасы, комиссия мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

3.8 Қажет болған жағдайда Комиссияның жиналысына Комиссияның сұрақтарын шешуге көмектесу үшін білім алушы, білім алушы оқитын топтың тәлімгері, кафедра меңгерушісі және басқа да тұлғалар шақырылады.

4 ТӘРТІПТІК ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАРДЫ ҚАРАСТЫРУ

4.1 Білім алушының тәртіптік теріс қылығы ретінде оның Қазақстан Республикасы заңнамасының, Академиялық саясаттың, ішкі тәртіп Қағидаларының, жатақхана туралы Ереженің және академиялық адалдық Кодексінің талаптарын қадағаламауы саналады.

4.2 Комиссия тәртіптік теріс қылықтар анықталған жағдайда өткізеді:

- Тәртіптік теріс қылық пайда болған жағдайларды талдау;
- Білім алушы тарапынан тәртіп бұзудың болғанын, оның кінәсінің дәрежесін және қолданылатын жаза шарасын анықтау;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2 нұсқасы: 28.02.2025
	ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ (білім алушылар арқылы) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

- Этикалық нормаларды, оқу және еңбек тәртібін қадағалауға бақылау жасау.

4.3 Жатақханада тұратын білім алушы Жатақхана ережесінің талаптарын жүйелі түрде бұзған жағдайда, Студенттік кеңестің ұсынысы негізінде білім алушы жатақханадан шығаруды қоса алғанда, жазалау шарасы туралы шешім қабылдау үшін Комиссия отырысына шақырылады.

4.4 Комиссия қабылдайтын жазалар құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай мыналар болуы мүмкін:

- ауызша ескерту;
- Университет ректорының бұйрығымен жазбаша сөгіс;
- тұрғынды жатақханадан шығару;
- тәртіптік ескерту және белгілі бір уақыт кезеңіне сынақ мерзімі;
- келесі оқу жылына жатақхана бермеу;
- Университеттен шығару.

4.5 Академиялық адалдықты бұзғаны үшін Комиссия келесі жаза түрлерін қолдануы мүмкін:

- ауызша ескерту;
- тапсырылған жұмыс үшін бағаны төмендету;
- қойылған бағаны жою;
- бағаланатын жұмысты қорғауға рұқсат етпеу;
- білім алушыны аяқталмаған пәннен төлемақысын толық немесе ішінара қайтармастан босату;
- белгілі бір уақыт кезеңіне тәртіптік ескерту немесе сынақ мерзімі;
- Университет ректорының бұйрығымен жазбаша сөгіс беру;
- Университеттен шығару.

4.6 Білім алушыға тәртіптік жаза шарасын қолдану туралы негізделген шешім қабылдау үшін істерді қарастыру кезінде Комиссия топ тәлімгерінің, топтастарының, кафедра меңгерушісінің және басқа тұлғалардың пікірлерін назарға алады.

5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

5.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары негізінде Ғылыми кеңес енгізеді.